

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЕАҚ «Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті»
Филология факультеті
Шетел тілдері кафедрасы



**II Spring International Scientific and Practical ONLINE
Conference “Innovative Approaches of Language Teaching:
Bridging Theory and Practice”**

**«Тілдерді оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен
практиканы ұштастыру» атты II көктемгі халықаралық
ғылыми-практикалық конференция**

**II весенняя международная научно-практическая
конференция «Инновационные подходы преподавания
языков: слияние теории и практики»**

PROCEEDINGS

Astana, Kazakhstan

April 4, 2026

УДК 80/81
ББК 81.2

Жалпы редакциясын басқарған: Дүйсенғазы С. М.
Редакция алқасы: Балхимбекова П.Ж., Тусупбекова М.Ж., Кызырова А.М.

Тілдерді оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен практиканы ұштастыру:
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 4 сәуір 2026 ж./ – Астана:
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2026. – 454 бет.

ISBN 978-601-385-215-7

«Тілдерді оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен практиканы ұштастыру» атты ІІ көктемгі халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағында шетел тілдерін оқыту саласындағы озық тәжірибелермен алмасуға, мәдениетаралық қарым-қатынасты нығайтуға, цифрлық дәуір жағдайында шетел тілдерін оқытудағы инновациялық технологияларды таратуға, сондай-ақ халықаралық ғылыми-академиялық ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған ғылыми-практикалық зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда білім алушылар мен жас ғалымдардың осы бағыттағы зерттеулерге белсенді қатысуын ынталандыру мәселелері қарастырылған.

В сборник материалов ІІ весенней международной научно-практической конференции «Инновационные подходы преподавания языков: слияние теории и практики» включены результаты научно-практических исследований, направленных на обмен передовым опытом в области преподавания иностранных языков, укрепление межкультурной коммуникации, распространение инновационных технологий обучения в условиях цифровой эпохи, а также расширение международного научно-академического сотрудничества. В материалах рассматриваются вопросы стимулирования активного участия обучающихся и молодых ученых в исследованиях в данной области.

The proceedings of the ІІ Spring International Scientific and Practical ONLINE Conference “Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice” include the results of scientific and practical research aimed at sharing advanced experience in foreign language teaching, strengthening intercultural communication, disseminating innovative teaching technologies in the digital age, and expanding international scientific and academic cooperation. The materials also address issues related to encouraging the active participation of students and young researchers in this field.

УДК 80/81
ББК 81.2

ISBN 978-601-385-215-7

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
За материалы, включённые в данный сборник, ответственность несут авторы. Authors
are responsible for the content of their materials



NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”
Philological faculty
Foreign Languages Department

II Spring International Scientific and Practical ONLINE Conference “Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”

**«Тілдерді оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен
практиканы ұштастыру» атты II көктемгі халықаралық
ғылыми-практикалық конференция**

**II весенняя международная научно-практическая конференция
«Инновационные подходы преподавания языков: слияние
теории и практики»**

The Main Themes of the Conference:

1. Teaching foreign languages for professional and interdisciplinary purposes.
2. Innovative technologies in foreign language teaching methodology.
3. Language training in the context of multilingualism and lifelong learning.
4. Language education based on digital technologies and artificial intelligence.

Organizing Committee:

<i>Serikzat Duissengazy</i>	– Dean of the Faculty of Philology, candidate of philological sciences, professor
<i>Balkhimbekova Perizat Zhanatovna</i>	– Head of the Foreign Languages Department, PhD, assistant professor
<i>Mukhtarkhanova Ainagul Madiевна</i>	– candidate of pedagogical sciences, associate professor
<i>Tussupbekova Madina Zhanbyrbaевна</i>	– candidate of pedagogical sciences, associate professor
<i>Kurmanayeva Dina Kassymbekovna</i>	– PhD, associate professor
<i>Tazhitova Gulzhakhan Zarubaевна</i>	– PhD, assistant professor
<i>Kyzyrova Assem Manarbekovna</i>	– candidate of philological sciences, a senior teacher
<i>Sadykova Aigul Kudaibergenovna</i>	– PhD, assistant professor
<i>Mukanova Saltanat Kanatkhalievna</i>	– MSc, a senior teacher

CONTENTS

SECTION 1. TEACHING FOREIGN LANGUAGES FOR PROFESSIONAL AND INTERDISCIPLINARY PURPOSES

Navigating Cultural, Linguistic, and Contextual Challenges in English to Turkish Poetry Translation: A Study of Elizabeth Barrett Browning’s “Mother and Poet” and “The Cry of the Children”, and Alfred Lord Tennyson’s “The Lady of Shalott” and “Mariana” <i>Mustafa Canli</i>	15
Literary texts in Turkish language teaching: bridging literature and language acquisition <i>Asim Aydin</i>	23
Student attitudes toward flipgrid integration in online speaking tasks after the 2023 Turkiye earthquakes <i>Kübra Kırac Demiray</i>	29
The importance of differentiated instruction in the efl classroom: a teacher-researcher perspective <i>Toktosunova Z.R., Mamarasulova A.B.</i>	39
«Цифровой мост» в формировании языковой компетенции: эффективность онлайн-курса делового английского языка для студентов неязыковых специальностей <i>Гололобова О.А.</i>	45
Building the 21st-century student profile in higher education foreign language programs: a transdisciplinary competency-based framework, validity logic, and an AI-replicability stress test <i>Natalia Abdel Fattah</i>	54
Traditional methods and modern techniques of teaching and research: ELT in the AI era <i>Kalyana Chakravarthi Thirunagari</i>	62
Роль укрепления традиционных смыслов и ценностей в процессе преподавания дисциплины «иностраный язык» в ВУЗе <i>Витрук Л. Ю., Ларина Л.И.</i>	70
Магістранттарда кездесетін академиялық жазудың кейбір мәселелері <i>Мухтарханова А.М., Смагулова Б.Г.</i>	72
Обучение французскому языку на основе английского: методика, практика и перспективы развития <i>Жусупова Г.М., Нурбекова Г.Ж.</i>	77
Using podcasts and shadowing techniques to enhance english language learners’ fluency and native-like pronunciation <i>Ospanova F.A., Alzhanova A.O., Sadykova A.K.</i>	85

К вопросу мотивации на занятиях Немецкого языка в неязыковом ВУЗе <i>Тусупова Г.К., Аубакирова А.К., Дюсенгалиева А.А., Буркитбаева А.Г.</i>	90
Сәулет-құрылыс факультеті студенттеріне ағылшын тілі лексикасын оқытуда этимологиялық сөздікті пайдалану <i>Кемельбекова Э.А., Мусабаева Г.М., Нургалиева У.С.</i>	96
Developing language competencies in a multilingual and lifelong learning context: insights from Kazakhstan <i>Sarkulova Zh.K., Zhumaturatova B.B.</i>	100
Применение ИИ в самостоятельной работе по иностранному языку <i>Тазбулатова Г.К., Балтынова А.Ш., Тулекеева С.А., Рыскулова А.Ш.</i>	103
Интеграция цифровых технологий в процесс обучения иностранному языку студентов медицинского университета <i>Балтынова А.Ш., Мынбосынова Г.Е., Хамзина М.Б.</i>	114

SECTION 2. INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING METHODOLOGY

Влияние инновационных технологий на изучение английского языка <i>Загоруля О.Л., Абуова А., Али М.</i>	125
The role of art-based activities in vocabulary acquisition among young learners <i>Gelimova A., Alzhanova A. O.</i>	132
Egrating artificial intelligence tools into foreign language teaching <i>Zhanibekkyzy A., Balkhimbekova P.Zh.</i>	137
Формирование межкультурной компетенции студентов программы «зарубежное регионоведение» через аутентичные тексты и реалии повседневной жизни <i>Кириллова А.А., Balkhimbekova P.Zh.</i>	143
CLIL as an interdisciplinary approach: learning biology through English <i>Kanash L., Кузырова А.</i>	148
Роль английского языка в сфере гостеприимства <i>Абеева Д.Т., Ким И.С., Оспанова Ф.А.</i>	156
Английский язык как средство профессиональной коммуникации в области инженерной инфраструктуры <i>Койшубекова Ф.А., Оспанова Ф.А.</i>	163
Teaching academic writing for professional communication in ESP courses <i>Tauyekel Zh., Sadykova A.K.</i>	168
Innovative approaches to teaching academic writing in English for university students <i>Pervez Sh., Sadykova A.K.</i>	175
How artificial intelligence improves foreign language learning <i>Muratbek I., Muratkyzy A., Kuzar Zh.</i>	180
Using AI-supported genetics simulators in a bilingual learning environment: the	186

opportunities of academic English for STEM learners <i>Yeltay Zh., Kuzyrova A.</i>	
Туризм саласында ағылшын тілін меңгерудегі инновациялық технологиялар <i>Төлеген Ә., Елеусіз Ж., Оспанова Ф.А.</i>	196
Роль геймификации в повышении мотивации учащихся и их коммуникативной активности на уроках английского языка <i>Сандыбаева М., Берикболова А., Альжанова А.О.</i>	202
Promoting autopsychological competence of future teachers through English language learning <i>Karimtayeva A., Kurmanayeva D.K.</i>	212
The role of innovative technologies in foreign language teaching: a comparative analysis of traditional and online approaches <i>Khavalkhan Y., Kurmanayeva D.K.</i>	219
Innovative methods of teaching English in the digital age <i>Toleukhan A.B., Tlepova D.A., Alzhanova A.O.</i>	227
The use of English poems and songs for the development of lexical skills at the senior stage of learning <i>Tnysh tikova U.A., Yesengaliyeva A.M.</i>	232
Шет тілін оқытудың жоғары сатысында сөйлесу дағдыларын дамыту үшін TED TALKS платформасын пайдалану <i>Сисембаева К.Е.</i>	243
Assessing the effectiveness of a critical thinking curriculum on junior students' decision making skills <i>Yergazy A.E., Yessengaliyeva A.M.</i>	252

SECTION 3. LANGUAGE TRAINING IN THE CONTEXT OF MULTILINGUALISM AND LIFELONG LEARNING

Fostering language proficiency in a multilingual educational context through the image of the mother-woman in Gabit Musrepov's prose: linguodidactic and cross-cultural aspects <i>Sharapiden A.T., Kurmanayeva D.K.</i>	263
Қазақ тілді жарнама дискурсындағы тұтынушы санасын манипуляциялаудың когнитивті-прагматикалық механизмдері <i>Асхатова Ф.Е.</i>	271
From blueprints to bilingualism: language integration in civil engineering education <i>Atarbekova A.T., Ustelimova N.</i>	279
AI tools in educational media: linguistic and cultural implications <i>Abay K.N.</i>	285
Заманауи студенттердің көптілділікке ұмтылысы: себептері мен басымдықтары <i>Сабырбай Н., Қонысбай Д., Төлеу А.</i>	292
Stress resilience of first-year students: an analysis of personal and academic challenges and coping strategies	299

<i>Zagorulya O.L., Kasymova A.</i>	
English language learning in a multilingual world <i>Bakytbekkyzy L., Biakhmetova M., Duishonaliyeva B.T.</i>	306
Mythopoetics and cultural identity in modern Kazakh poetry <i>Bektur M., Mukhtarkhanova A., Tazhitova G.</i>	312
Қазақ тіліндегі англицизмдер <i>Альнур А.Е., Нұрғелді С.Ж., Нурбекова Г.Ж.</i>	318
The influence of English on modern Chinese vocabulary: A study of loanwords <i>Daren Nuerbahati, Gulizat Nurbekova</i>	325
Analysis of implementing CLIL in technical education: insights from a Kazakhstani case study for developing internationally competitive specialists <i>Dinassil S., Alzhanova A.</i>	327
Anglo-americanisms in Kazakh and Chinese languages <i>Zhanat A., Nurbekova G.</i>	333
Trilingual education system in Kazakhstan: challenges and prospects <i>Toksanbayeva B., Ustelimova N.</i>	336

SECTION 4. LANGUAGE EDUCATION BASED ON DIGITAL TECHNOLOGIES AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект негізіндегі тілдік білім беру <i>Нұрадин А.Б.</i>	346
AI in education: help or obstacle for learning? <i>Aidarkhan A., Bektemir A., Niyazbekova A.</i>	355
The use of artificial intelligence in first-year students' learning: impact of independence and academic performance <i>Zagorulya O.L., Boyaubay A., Kabdullin D.</i>	361
English for transportation engineers: exploring the impact of artificial intelligence integration <i>Igizbay A., Aubakirova A.K.</i>	366
Жасанды интеллект арқылы ағылшын тілін тиімді үйрену <i>Қамбар М.А., Иса Б.О., Дүйшоналиева Б.Т.</i>	372
Интеграция ИИ-ассистентов в контексте живого общения <i>Абдрасилова Ж., Наурызбай Е., Кайдаров Р.</i>	380
Comparison of traditional and digital approaches in learning English <i>Асылгазы А., Жеңіс А., Бұғыбай Ұ., Дүйшоналиева Б.Т.</i>	387
Transformation of the educational system in Kazakhstan: impact of AI <i>Shakirbekova D.A., Smagulova B.G.</i>	394
The use of artificial intelligence in developing speaking and writing skills for language tests: a systematic review <i>Bazarbek M., Shakhputova Z.Kh.</i>	400

Digital Interactive Platforms as a Tool for Enhancing English Language Learning <i>Makhambetova Zh.</i>	409
Artificial intelligence and digital technologies in foreign language education: a critical review of opportunities and challenges in the post-chatgpt era <i>Koshenov D., Alzhanova A.O.</i>	415
Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект негізіндегі тілдік білім беру <i>Тұрсынбек Л., Тусупова Г.К.</i>	422
Features of foreign language acquisition through digital platforms in the context of lifelong learning <i>Zarkeshova K., Alzhanova A.O.</i>	426
Innovative methods of teaching chemistry using artificial intelligence: combining theory and practice <i>Kusmanova K.E., Amangeldy D.T., Mukanova S.K.</i>	433
Инновационные подходы к формированию лексической компетенции у студентов языковых вузов посредством мобильных приложений <i>Мелдешова А., Ораз Ә., Шотанова Ж., Жорабекова Д.М.</i>	442
Language education based on digital technologies and artificial intelligence <i>Saparaliyeva A., Kemelbekova E.A.</i>	449

technological advancement, influencing the linguistic and cultural dimensions of education in profound ways. This study has demonstrated that while AI enhances multilingual access and personalization, it also introduces challenges related to linguistic homogenization and cultural bias. Addressing these challenges requires a deliberate and inclusive approach to AI development, emphasizing diversity, equity, and cultural sensitivity. All in all, the goal is not to replace traditional educational practices but to augment them in a way that respects and preserves linguistic and cultural diversity. By doing so, AI tools can contribute to a more inclusive and dynamic educational landscape, empowering learners from all backgrounds to engage with knowledge in meaningful ways.

References:

1. Baker, M. (2018). *In Other Words: A Coursebook on Translation*. Routledge.
2. Bender, E. M., & Koller, A. (2020). Climbing towards NLU: On meaning, form, and understanding in the age of data. *Proceedings of ACL*.
3. Holmes, W., Bialik, M., & Fadel, C. (2019). *Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning*. Center for Curriculum Redesign.
4. Kramsch, C. (1998). *Language and Culture*. Oxford University Press.
5. Luckin, R. (2018). *Machine Learning and Human Intelligence*. UCL Institute of Education Press.
6. Selwyn, N. (2021). *Education and Technology: Key Issues and Debates*. Bloomsbury.
7. UNESCO. (2021). *AI and Education: Guidance for Policy-makers*. UNESCO Publishing.
8. Van Dijk, T. A. (2008). *Discourse and Power*. Palgrave Macmillan.
9. Warschauer, M. (2004). *Technology and Social Inclusion*. MIT Press.
10. Zawacki-Richter, O., et al. (2019). Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education. *International Journal of Educational Technology in Higher Education*.

FTAXP 14.25.09

ЗАМАНАУИ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨПТІЛДІЛІККЕ ҰМТЫЛЫСЫ: СЕБЕПТЕРІ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ

Н. Сабырбай, Д. Қонысбай, А. Төлеу

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Физика-техникалық факультетінің 1 курс студенттері,
Қазақстан, Астана

Абстракт

Бұл мақалада заманауи студенттердің көптілділікті меңгеруге деген ұмтылысы, олардың тілдік басымдықтары және тіл үйренуге әсер ететін негізгі факторлар қарастырылады. Зерттеу Қазақстандағы «Үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасының білім беру жүйесіндегі рөлі мен оның жастардың тілдік құзыреттілігін дамытуға ықпалын талдауға бағытталған. Зерттеу барысында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 125 студенті қатысқан сауалнама нәтижелері қарастырылды. Нәтижелер студенттердің басым бөлігі екі немесе одан да көп тілді меңгергенін және ағылшын тіліне ерекше басымдық беретінін көрсетті. Сонымен қатар тіл үйренуге университеттік орта, әлеуметтік желілер, ата-ананың ықпалы және достар ортасы сияқты факторлар әсер ететіні анықталды. Зерттеу нәтижелері студенттер үшін тіл үйренудің негізгі мақсаты коммуникативті құзыреттілікті дамыту және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу екенін дәлелдейді.

Кілтті сөздер: көптілділік, студенттер, тілдік саясат, үш тұғырлы тіл, тіл үйрену мотивациясы, тілдік құзыреттілік, ағылшын тілі, жоғары білім.

Қазақстан Республикасында тіл саясаты мемлекеттік маңызы бар стратегиялық бағыттардың бірі болып табылады. Көпұлтты мемлекет ретінде Қазақстанда тілдік үйлесімділік пен мәдени әртүрлілікті сақтау ерекше назарға алынады. Осы мақсатта елімізде «Үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасы жүзеге асырылып келеді. Бұл саясатқа сәйкес қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – халықаралық байланыс пен жаһандық экономикаға кірігу тілі ретінде айқындалған [1].

Тіл саясатының негізгі мақсаты – қазақстандық қоғамның тілдік әлеуетін арттыру және азаматтардың әлемдік білім мен ақпарат кеңістігіне еркін кіруіне жағдай жасау. Сонымен қатар бұл саясат Қазақстанның халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Үш тілде білім беру жүйесінің дамуы жастардың интеллектуалдық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Көп тіл меңгерген жастар халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысуға, шетелдік жоғары оқу орындарында білім алуға және әлемдік еңбек нарығында сұранысқа ие маман болуға мүмкіндік алады [2]. Сонымен қатар көптілділік жастардың мәдениетаралық қарым-қатынасын дамытуға және олардың дүниетанымының кеңеюіне ықпал етеді. Бүгінгі күні бір ғана тіл білу кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін жеткіліксіз болып отыр [3]. Ғылыми зерттеулердің, инновациялық технологиялардың және халықаралық жобалардың басым бөлігі шет тілдерінде жүргізіледі. Әсіресе ағылшын тілі халықаралық ғылым мен білімнің негізгі тілі ретінде кеңінен қолданылады [4]. Көп тіл меңгеру маманның кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, оның ақпараттық ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін кеңейтеді. Шет тілдерін меңгерген маман әлемдік ғылыми әдебиеттерді, халықаралық тәжірибелерді және заманауи технологияларды еркін пайдалана алады [5]. Қазіргі уақытта көптеген

халықаралық ұйымдар мен компаниялар бірнеше тілде еркін сөйлей алатын мамандарды жоғары бағалайды. Сондықтан көп тіл білу қазіргі заман маманының кәсіби және тұлғалық дамуының маңызды факторларының бірі болып табылады. Жаһандану үдерісі қазіргі әлемнің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына айтарлықтай әсер етуде. Әлем елдерінің өзара байланысының күшеюі тілдің маңызын арттыра түсті. Тіл – халықтар мен мәдениеттер арасындағы коммуникацияның негізгі құралы ретінде халықаралық қатынастарда ерекше рөл атқарады. Осылайша көптілділік қазіргі қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырылады. Ол жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін арттырып қана қоймай, халықтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың нығаюына мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсаты: заманауи студенттердің көптілділікті меңгеруге деген қызығушылығын, олардың қай тілдерге басымдық беретінін және бұл таңдаудың негізгі себептерін (кәсіби, тұлғалық, әлеуметтік) анықтау.


Зерттеу міндеттері:

- Қазақстанның «Үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасы мен заманауи білім берудегі тілдік басымдықтарды қарастыру.
- Жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің қай тілде сөйлейтінін және қосымша қандай тілдерді үйреніп жатқанын анықтау үшін эксперименттік деректер жинау.
- Студенттердің шет тілдерін (әсіресе ағылшын тілін) үйренуіне түрткі болатын негізгі факторларды (халықаралық бағдарламалар, мансаптық өсу, ақпаратқа қол жеткізу) саралау.
- Алынған мәліметтер негізінде студенттердің тілдік сұраныстарына талдау жасап, олардың кәсіби дамуындағы көптілділіктің рөлін бағалау.

Зерттеуге Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әртүрлі факультеттерінен барлығы 125 студент қатысты. Респонденттердің гендерлік құрамы: 88 қыз және 37 ұл құрады.

Студенттердің тілдік құзыреттілік деңгейі анықтау үшін «Қазіргі уақытта неше тілде еркін сөйлей аласыз? (Ана тіліңізді қоса алғанда)» деген сұраққа алынған жауаптар студенттердің басым бөлігінің көптілділікке бейім екенін көрсетті (Сурет 1).

Қазіргі уақытта неше тілде еркін сөйлей аласыз? (Ана тіліңізді қоса алғанда)/Сколькими языками вы свободно владеете? (включая родной) /...k fluently? (including your native language)
125 ответов




Сурет 1. Респонденттердің тілдік құзыреттілік деңгейінің көрсеткіші

Бұл деректер студенттердің 84%-ы екі немесе одан да көп тілді меңгергенін дәлелдейді, бұл еліміздегі «Үш тұғырлы тіл» саясатының нәтижелілігін айқындайды.

Тіл үйрену басымдықтары «Қазіргі таңда қай тілді (немесе тілдерді) қосымша үйреніп жатырсыз?» деген сұраққа жауап берген студенттердің жауабы нақты көрсеткіш болды (Сурет 2).

Қазіргі таңда қай тілді (немесе тілдерді) қосымша үйреніп жатырсыз?/Какой язык (или языки) вы сейчас изучаете дополнительно? / Which language(s) are you currently learning?
124 ответа



Сурет 2. Студенттердің тілдік басымдықтары мен болашаққа бағытталған тілдік сұранысы

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, студенттердің басым көпшілігі (86 студент) ағылшын тілін қосымша меңгеруде. Бұл ағылшын тілінің халықаралық ғылым мен білімнің негізгі құралы ретіндегі маңызын растайды. Сонымен қатар, студенттердің қытай, неміс, француз, түрік, испан және араб тілдеріне деген қызығушылығы олардың көптілділік арқылы әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға ұмтылысын көрсетеді.

Зерттеу барысында студенттердің тіл үйренуге деген ынтасына не әсер

ететінін анықтау мақсатында қойылған сұраққа келесідей жауаптар алынды: ең жоғары көрсеткіш – 33,9% (оқу орнындағы орта). Бұл университет қабырғасындағы академиялық ортаның, академиялық ұтқырлық бағдарламаларының және көптілді білім беру саясатының студенттерге зор ықпал ететінін көрсетеді. Респонденттердің 30,6%-ы осы факторды белгілеген (Әлеуметтік желілер мен блогерлер). Бұл қазіргі жастардың ақпараттық кеңістіктегі белсенділігі мен заманауи медиа-контенттің тіл үйренуге деген қызығушылықты оятудағы рөлін дәлелдейді. Студенттердің 16,1%-ы үшін отбасылық бағыт-бағдар негізгі себеп болған (Ата-ананың ықпалы). 12,1%-ы айналасындағы құрбы-құрдастарының әсерімен тіл үйренуді бастаған (Достар ортасы). Студенттердің аз бөлігі бұл қадамды толықтай өз бетінше – 1,6% (Жеке шешім және басқа факторлар) және тек университеттегі сабақтардың (0,8%) әсерінен бастағанын атап өткен. Бұл деректер студенттердің тіл үйренудегі мотивациялық факторларын айқындайды (Сурет 3).

Тіл үйренуді бастауыңызға кім немесе не әсер етті?/Кто или что повлияло на начало изучения языка? / Who or what influenced you to start learning a language?

124 ответа



Сурет 3. Студенттердің тіл үйренуіне әсер ететін негізгі факторлардың арасалмағы


Мәліметтер көрсеткендей, студенттердің тіл үйренуге деген ұмтылысы көбіне институционалдық орта (университет) мен цифрлық кеңістіктің (әлеуметтік желілер) әсерінен қалыптасады. Бұл жастардың халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған мемлекеттік тіл саясатының тиімділігін тағы да нақтылай түседі.

Тіл үйренуде қай дағдыға көбірек басымдық бересіз?» деген сұраққа респонденттердің берген жауаптары тіл үйренудің функционалдық сипатын аша түсті: сөйлеу (Speaking): респонденттердің 71,2%-ы осы дағдыны ең маңызды деп санайды. Бұл көрсеткіш заманауи студенттер үшін тілді тек академиялық білім ретінде емес, тікелей қарым-қатынас пен ойын еркін жеткізу құралы ретінде меңгеру басты орында екенін дәлелдейді. Тыңдау (Listening): студенттердің 12%-ы ақпаратты қабылдау мен түсіну дағдысына басымдық береді. Оқу (Reading): 8,8% респондент мәтінмен жұмыс істеуді және әлемдік

ғылыми әдебиеттерді түпнұсқада оқуды маңызды деп есептейді. Жазу (Writing): ең аз көрсеткіш — 8%. Бұл студенттердің жазбаша коммуникацияға қарағанда, ауызша сөйлеу мәдениетіне көбірек көңіл бөлетінін көрсетеді (Сурет 4).

Тіл үйренуде қай дағдыға көбірек басымдық бересіз?/ Какому навыку вы уделяете больше внимания? / Which skill do you focus on most when learning a language?

125 ответов



Сурет 4. Студенттер арасында тілдік дағдылардың маңыздылығы бойынша үлестірімі

Талдау нәтижесі көрсеткендей, студенттердің басым бөлігі үшін тіл үйренудің негізгі мақсаты — коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру. Бұл заманауи еңбек нарығындағы ауызша келіссөздер жүргізу, халықаралық жобаларда пікір алмасу және еркін қарым-қатынас жасау талаптарымен тікелей байланысты.

Зерттеу барысында студенттердің тіл үйренудегі практикалық және технологиялық таңдауларын зерттелді. Сауалнама нәтижесі бойынша студенттердің әлі де болса дәстүрлі жүйелі білім беруге (курстар) және шынайы коммуникацияға (шетелдіктермен сөйлесу) көбірек сенім артатыны байқалады (Сурет 5).

Тіл үйрену үшін қандай ресурстарды тиімді деп санайсыз?/Какие ресурсы вы считаете наиболее эффективными для изучения языка? / Wh... you consider effective for language learning?

124 ответа



Сурет 5. Студенттердің тіл үйренудегі тиімді деп санайтын ресурстары
Респонденттердің басым бөлігі — 58 студент арнайы курстарды ең тиімді

ресурс деп санайды. Бұл студенттердің жүйелі оқыту мен кәсіби мамандардың көмегіне жүгінуді жөн көретінін көрсетеді. 38 студент тілді тікелей тасымалдаушылармен қарым-қатынас жасау арқылы үйренуді тиімді деп есептейді. Бұл алдыңғы сұрақтағы «сөйлеу» дағдысына (71,2%) берілген басымдықпен толық сәйкес келеді. 20 студент аудиовизуалды контентті қолданады. Бұл медиа-ресурстардың тіл үйренудегі қосымша көмекші құрал ретіндегі рөлін айқындайды. Таңқаларлығы, тек 6 студент қана мобильді қосымшаларды (Duolingo, Babbel және т.б.) басты ресурс ретінде атаған. Бұл қосымшалардың негізгі оқу құралы емес, тек көмекші құрал ретінде қарастырылатынын білдіреді. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, заманауи технологиялардың дамуына қарамастан, студенттер жүйелі білім беруді (курстар) және тікелей практиканы (сөйлесу) жоғары бағалайды. Бұл білім беру бағдарламаларында коммуникативті әдістер мен шетелдік мамандармен кездесулерді жиілету қажеттігін негіздейді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері заманауи студенттердің көптілділікке деген қызығушылығы жоғары екенін көрсетті. Сауалнама деректері бойынша респонденттердің басым бөлігі екі немесе одан да көп тілде сөйлей алатыны анықталды. Бұл Қазақстандағы тіл саясатының, әсіресе «Үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасының білім беру жүйесінде тиімді жүзеге асып жатқанын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижесінде студенттердің қосымша тіл ретінде көбіне ағылшын тілін меңгеруге ұмтылатыны байқалды. Бұл ағылшын тілінің халықаралық ғылым, білім және кәсіби коммуникация салаларындағы маңыздылығымен түсіндіріледі. Сонымен қатар студенттердің қытай, неміс, француз, түрік, испан және араб тілдеріне деген қызығушылығы олардың жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға талпынысын көрсетеді.

Талдау студенттердің тіл үйренуіне әсер ететін негізгі факторлардың қатарында университет ортасы мен әлеуметтік желілердің рөлі жоғары екенін көрсетті. Бұл қазіргі жастардың білім алу үдерісінде институционалдық орта мен цифрлық ақпарат кеңістігінің ықпалының күшейіп отырғанын дәлелдейді.

Сонымен бірге студенттер үшін тіл үйренудің басты мақсаты – коммуникативті құзыреттілікті дамыту екені анықталды. Респонденттердің басым бөлігі сөйлеу дағдысын ең маңызды деп санайды, бұл тілдің практикалық қолданылуына ерекше мән берілетінін көрсетеді.

Жалпы алғанда, көптілділік заманауи студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Ол жастардың халықаралық білім кеңістігіне интеграциялануына, ақпараттық ресурстарға қол жеткізуіне және әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болуына мүмкіндік береді. Сондықтан жоғары оқу орындарында көптілді білім беру саясатын одан әрі дамыту, коммуникативті әдістерді кеңінен қолдану және халықаралық тілдік тәжірибелерді арттыру маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік пен келісім сабақтары. Қазақстан халқы Ассамблеясының сессияларында сөйлеген сөздер. – Астана: Елорда, 2010. – 320 б.
2. Абельдинова А. А., Ахатова А. А., Рақымжанова К. К. Көптілділік заман талабы //Алқа мүшелері/Редакционная коллегия. – С. 496.
3. Жетписбаева Б. А. Полиязычное образование: теория и методология //Алматы: Білім. – 2008.
4. Crystal D. English as a Global Language. – Cambridge: Cambridge University Press, 2003. – 212 p.
5. Hamid M.O. English Language and Development. – Bristol: Multilingual Matters, 2016.

IRSTI: 15.21.45; 14.35.07

**STRESS RESILIENCE OF FIRST-YEAR STUDENTS:
AN ANALYSIS OF PERSONAL AND ACADEMIC
CHALLENGES AND COPING STRATEGIES**

Zagorulya Oksana Leonidovna, Kasymova Adina

L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan

Human life is a continuous process of learning. We learn every second, acquiring new skills and adapting to a changing world; therefore, entering a university seems like just another natural step on this path. It would seem that with years of schooling behind, a student should arrive at the university already prepared for the academic workload. However, the university environment offers a fundamentally different level of complexity and responsibility, for which a freshman often lacks the necessary psychological preparation. As a result, what should be a place for acquiring knowledge turns into a source of stress, testing not only the student's intellect but also their psyche.

As noted by the Kazakhstani researcher R. Sh. Sabirova: “...first and final study years are the most stressful for students. <...> In the first year, this is due to the need for quick and effective adaptation to the new social environment, the requirements of the university, and a significant increase in the number of educational tasks performed” [1]. According to a study published in the PMC database, up to 88% of surveyed students experience academic stress, and more than 75% show depressive symptoms of varying severity [2]. This demonstrates that university education requires not only knowledge but also psychological readiness from a young person.

The question arises: what difficulties do freshmen encounter, and how do they overcome them? The answer lies in the mechanism of the psychological response to